

Астана қаласындағы жерлерді аймақтарға бөлудің кестесі туралы

Күшін жойған

Астана қалалық мәслихатының 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 124/26-II шешімі. Астана қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 29 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 164. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 184/30-IV шешімімен

Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.01.29 N 184/30-IV шешімімен

Астана қаласы әкімиятының Астана қаласындағы жерлерді аймақтарға бөлудің жобасын бекіту жөніндегі ұсынған материалдарын қарап, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8-бабын басшылыққа алып Астана қаласы мәслихаты шешті:

Преамбулаға өзгерістер енгізілді - Астана қалалық мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 152/18-III шешімімен.

1. Астана қаласындағы жерлерді аймақтарға бөлудің кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы

Астана қаласы мәслихатының
хатшысы

Астана қаласы мәслихатының
2001 жылғы 25 желтоқсандағы
N 124/26-II шешімімен

бекітілген

Астана қаласындағы жерлерді аймақтарға бөлудің кестесі

1 аймақ мына шекараларда: Теміржол вокзалынан Қарасай батыр көшесі мен Павлов көшесінің ортасымен Уәлиханов көшесінің бұрышына дейін - Уәлиханов көшесі ортасымен Таха Хусейн көшесінің ортасымен Бараев көшесінің бұрышына дейін, Бараев көшесінің ортасымен жаңа орталықтағы N 12 көшенің бұрышына дейін, N 12 көшенің ортасымен жобаланудағы N 4 және N 12 көшенің аралығымен жобаланудағы N 4 көшенің бұрышына дейін, N 4 көшенің бойымен Сарыарқа көшесінің Қорғалжын тас жолының қиылысына дейін, Қорғалжын тас жолының қиылысынан жаңа көпір арқылы Сарыарқа көшесінің бойымен теміржол вокзалына дейін.

2 аймақ - 1 аймақтың сыртқы шекараларымен: Павлов көшесінің бойымен

Уәлиханов көшесінің бұрышынан теміржолдың санитарлық қорғау алқабының бойымен Мұңайтпасов көшесінің бұрышына дейін санитарлық қорғау алқабының бойымен Оңтүстік-Шығыс шағын ауданына дейін, ескі Қарағанды тас жолымен қиылысының сол жақ қапталымен - ескі Қарағанды тас жолының ортасымен Юбилейная көшесінің бұрышына дейін (Промышленный кенті), Юбилейная көшесінің ортасымен жаңа орталықтағы N 4 көшенің бұрышына дейін, N 4 көшесінің ортасымен Мирзоян көшесінің бұрышына дейін, Мирзоян көшесінің ортасымен Есіл өзені арқылы бөгетке дейін, Бөгеттен Заречный мен Тельман кенттерін жалғастыратын көшелердің ортасымен Есіл өзенінің сол жағалауындағы 1 тұрғынжай кварталының Оңтүстік шекарасымен жалғастыратын Кіші Талдыкөл өзеншігінің Оңтүстік шығысына дейін - Кіші Талдыкөл өзеншігінің Оңтүстік-шығыс жағалауы бойымен Рабочая көшесінің жалғасына дейін, Рабочая көшесінің ортасымен Қарасай батыр көшесінің бұрышына дейін, Қарасай батыр көшесінің ортасынан Сарыбұлақ сағасының қ и ы л ы с а н а д е й і н .

3 аймақ 2 аймақтың сыртқы шекарасынан бастап мына шекараларды қамтиды :

Оңтүстік бөлігі: Оңтүстік-шығыс шағын ауданының шығыс шекарасының бұрышынан теміржолдың санитарлық қорғау алқабының бойымен сол жағы теміржолдың тарауынан (Павлодар-Астана-Қарағанды) тас жол бөліну тарамынан (Павлодар-Астана-Қарағанды) Гольф клубтың батыс шекарасының бойымен қаланың оңтүстік бөлігіндегі екінші айналымы ортасымен қаланың сол жағалауы бөлігіндегі тұрғынжай алқабының оңтүстік шекарасы бойымен Қабанбай батыр көшесінің бойымен орналасқан саяжайлар алқабының шекарасына дейін, Үлкен Талдыкөл өзеншігінің оңтүстік-шығыс шекарасы бойымен Придорожная көшесінің ортасы бойымен Қорғалжын тас жолынан 8 км-дей, Көктал кентінің батыс шекарасы бойымен т.ж.-дың санитарлық қорғау алқабының оңтүстік шекарасына дейін, т.ж. санитарлық қорғау алқабының оңтүстік шекарасы бойымен Рабочая көшесінің бұрышына дейін.

Солтүстік бөлігі: т.ж. бойымен санитарлық қорғау алқабының солтүстік шекарасынан т.ж. бұрылыс тарауынан (Павлодар-Астана-Қарағанды) Вишневская көшесіне дейін, Вишневская көшесінің ортасынан және Угольная көшесінің ортасымен Придорожная көшесінің ортасымен өнеркәсіптік аймақтық солтүстік айналымының ортасымен МАИ-дың постысына дейін Софиевка тасжолы ортасымен өнеркәсіптік аймақ пен 2-ЖЭО-ның күл жинағыш аралығында қаланың шығыс бөлігіндегі екінші тарамына дейін (Павлодар - Астана - Қарағанды).

4 аймақ 3 аймақтың сыртқы шекарасынан Астана қаласының сыртқы шекарасына дейін.

А с т а н а қ а л а с ы

МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАТШЫСЫ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ